

2024 жылғы I тоқсанда денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер көрсету саласында көрсетілген қызметтердің көлемі туралы

Жариялау күні: 31.05.2024

Келесі жариялау күні: 29.08.2024

1. Негізгі ойлар
2. Динамика
3. Глоссарий
4. Әдістемелік түсініктемелер
5. Қатысты басылымдарға сілтемелер
6. Пайдалы сілтемелер

1. Негізгі ойлар

2024 жылғы I тоқсанда Қазақстан Республикасындағы денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер көрсету ұйымдарымен қызметтің негізгі түрі бойынша көрсетілген қызметтер көлемі 754336,4 млн. теңгені құрады, оның ішінде 64,6% - бюджет есебінен, 18,3% - халықтан түскен қаражат есебінен, 17,1% - кәсіпорындар қаражаты есебінен орындалды.

Қызметтің негізгі түрі бойынша қызметтердің ең үлкен көлемі ауруханалық мекемелердің қызметі есебінен қалыптасты, олар 411943,2 млн. теңге (54,6%) сомасында қызмет көрсетті. Жалпы дәрігерлік тәжірибемен айналысатын ұйымдар 115621,9 млн. теңге (15,3%) сомасында және денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметті жүргізетін ұйымдар 111121,8 млн. теңге (14,7%) сомасында қызмет көрсетті.

Қызметтің негізгі түрі бойынша қызметтердің ең аз көлемін арнайы дәрігерлік тәжірибемен айналысатын ұйымдар - 43849,3 млн. теңге (5,8%) сомасында, стоматологиялық қызметпен айналысатын ұйымдар - 37435,8 млн. теңге (5%) сомасында және тұруды қамтамасыз ете отырып, әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдар - 26689,9 млн. теңге (3,5%) сомасында, тұруды қамтамасыз етудің өзге де әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдар - 7674,3 млн. теңге (1%) сомасында қызмет көрсетті.

2024 жылғы I тоқсанның қорытындысы бойынша қызметтің негізгі түрі бойынша көрсетілген қызметтер көлемінің 67,9% мемлекеттік меншік ұйымдары, 29,9% жеке меншік ұйымдары және 2,2% шетелдік меншік ұйымдары ұсынды.

Есепті кезеңде қызметтің негізгі түрі бойынша ірі кәсіпорындар ұсынған көрсетілген қызметтер көлемі 483661,9 млн. теңгені (64,1%), шағын кәсіпорындар - 156730,1 млн. теңгені (20,8%) және орта кәсіпорындар - 113944,4 млн. теңгені (15,1%) құрады.

Электрондық кестелер:

[2024 жылғы I тоқсанда Қазақстан Республикасында денсаулық сақтау мен әлеуметтік қызмет көрсету саласында көрсетілген қызметтердің көлемі](#)

2. Динамика

Қазақстан Республикасында денсаулық сақтау мен әлеуметтік қызмет көрсету саласында көрсетілген қызметтердің көлемі

мың теңге

Барлығы	I тоқсан	
	2023	2024
Денсаулық сақтау саласында көрсетілген қызметтер көлемі	688 476 151	719 830 751
Тұратын орынды қамтамасыз етумен әлеуметтік қызмет көрсету саласында көрсетілген қызметтер көлемі	23 990 113	26 767 568
Тұратын орынды қамтамасыз етудің өзге де әлеуметтік қызмет көрсету саласында көрсетілген қызметтер көлемі	6 690 155	7 738 148

3. Глоссарий

Көрсетілген қызмет көлемі – кәсіпорындардан, ұйымдардан және (немесе) тікелей халықтан (үй шаруашылықтарынан) оларға көрсетілген қызметтер үшін төлеміне түскен қаржы көлеміндегі денсаулық сақтау ұйымдары көрсеткен қызметтердің құны болып табылады және ол өз кезегінде алынған немесе алынуға тиіс табыс ретінде мекемелердің өткізу құны бойынша бағаланатын ұйымның табысы ретінде бағаланады.

Қызмет – кәсіпорынның іске асыратын кез-келген басқа қызметтерінің қосылған құнынан асатын қосымша құн қызметтерінің түрі саналады.

Қызметтің негізгі түрі - қосылған құны шаруашылық субъектісі жүзеге асыратын кез келген басқа қызмет түрінің қосылған құнынан асатын қызмет түрі.

Қызметтің қосалқы түрі - үшінші тұлғалар үшін өнімдерді (тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді) өндіру мақсатында жүзеге асырылатын, негізгіден басқа қызмет түрі.

4. Әдістемелік түсініктемелер

Электрондық кестелерде денсаулық сақтау саласында қызмет көрсететін кәсіпорындардың меншіктік, ведомстволық тиістілік пен мөлшерліктің барлық нысанындағы қызметтің негізгі түрі денсаулық сақтау саласындағы ұйымдардың статистикалық деректері ұсынылды.

Қазақстан Республикасында денсаулық сақтау мен әлеуметтік қызмет көрсету саласында көрсетілген қызметтердің көлемі, сондай-ақ бюджет қаражаты мен кәсіпорындар қаражаты есебінен орындалған көрсетілген қызметтер көлемі қосылған құн салығынсыз көрсетіледі.

Халық төлеген көрсетілген қызметтер көлемінақты төленген сомалардың мөлшерінде (яғни, ҚҚС-ты есепке алумен) көрсетіледі.

5. Қатысты басылымдарға сілтемелер

[Өндіріс әдісімен есептелген жалпы ішкі өнім \(2024 жылғы қаңтар-наурыз \(жедел деректер бойынша\)\)](#)

6. Пайдалы сілтемелер

[Сапа бойынша есеп](#)

["Талдау" ақпараттық-талдау жүйесі](#)

Шығарылымға жаупты:
Халық статистикасы
департаменті

**Департамент
Директоры:**
Н. Ханжігітов
Тел. +7 7172 749061

Орындаушы:
Г.Маханбетова
Тел. +7 7172 749256
E-mail: G.Makhanbetova@aspire.gov.kz

Мекенжай:
010000, Астана қаласы
Мәңгілік ел даңғылы, 8
Министрліктер үйі, 4 кіреберіс